

«ҒУМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Бекітемін

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы
енергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының ректоры

М.К. Сыздыков

22.10.2023 2023 ж.



**ЖОГАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША «ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА ОҚУҒА
ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

6 – БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы 2023 ж.



Сапа менеджменті жүйесі

Некоммерческое акционерное общество
«Алматинский университет энергетики и связи
имени Гумарбека Даукеева»

Мазмұны

Күжат толқұжаты	3
Бекіту парагы	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Университетке қабылдау тәртібі.....	5
3. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен университетке оқуға қабылдау.....	14
Қосымшалар	

Құжат төлкүжаты

Құжат түрі	Ереже
Құжат атауы	Жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша «Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына окуга қабылдау қағидалары
Құжаттың мақсаты	Қабылдау қағидаларының сипаттамасы: жалпы ережелер, талапкерлерді қабылдау ережелері, құжаттарды қабылдау ережелері, қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі
Әзірлеген	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Келіскең	Академиялық қызмет жөніндегі проректор Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Заң кеңесшісі Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы
Бекіткен	Ректор
Құжат орындаушылары	Қабылдау комиссиясы
Орындалуын бақылау	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
Құжатқа қосымша	Бар
Ерекшеліктер	Жоқ
Нормативтік сілтемелер	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР заңы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі ҚР заңы
Түпнұсқа иесі	Талдау және даму стратегиясы департаменті

Келісу парагы

Қабылдау қагидасты келісілді:

Академиялық қызметі жөніндегі проректор

А. С. Сарсенова
«12» 06 2023 ж.

Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор

Д. К. Карабаевеков
«12» 06 2023 ж.

Заң кеңесшісі

Ж. М. Чокан
«12» 06 2023 ж.

Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы

А. Г. Амантаева
«12» 06 2023 ж.

Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы

В. Н. Онаебаева
«12» 06 2023 г.

Әзірлеген:

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

К. Б. Абсулугарова
«12» 06 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1 «Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Университет) Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қагидалары (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 5-бабы 11) тармақшасына және «Мемлекеттік қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өзірленген, олар жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдау және «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметтің көрсету тәртібін айқындайды.

1.2 Университеттің магистранттарын, докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Университетке қабылдау тәртібі

2.1 Магистратурага, докторантураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша университетке тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі - КТ) немесе қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Магистратурага және докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

2.2 Университетке шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

2.3 Шетелдік білім беру үйымдары берген білім туралы құжаттар заннамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бүйрүгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қагидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

2.4 Құжаттарды қабылдау және қабылдау емтихандарын өткізу үйымдастыру үшін университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйіркімен бекітіледі.

Докторантуралық түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

- 1) Түсушілерге таңдаған жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсі емтиханының рәсімімен таныстыруды;
- 2) Түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді үйымдастыруды;
- 3) Білім беру бағдарламалары бойынша түсі емтихандарын үймыдастыруды қамтамасыз етеді.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы мәселелері бойынша консультация беруді, КТ және/немесе түсі емтиханының рәсімімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

2.5 Университеттің магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы жүргізіледі.

Өтініштерді қабылдау мерзімі келесі мерзімдерде:

- күнтізбелік жылдың 10 маусым мен 15 шілдесі;
- күнтізбелік жылдың 1-18 қарашасы аралығында жүргізіледі.

Кешенді тестілеу КТ келесі мерзімдерде:

- күнтізбелік жылдың 20 шілде мен 10 тамыз аралығында;
- күнтізбелік жылдың 19 қараша мен 11 желтоқсан аралығында жүргізіледі.

Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады. Күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

Докторантуралық түсушілерден өтініштер қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы (app.testcenter.kz) келесі мерзімдерде:

- күнтізбелік жылдың 5 шілдесі мен 3 тамызы;
- күнтізбелік жылдың 1-18 қарашасы аралығында жүргізіледі.

Докторантуралық түсушілерден өтініштер қабылдауды университеттің топтары бойынша түсі емтихандары келесі мерзімдерде:

- күнтізбелік жылдың 4-20 тамызы аралығында;
- күнтізбелік жылдың 19 қарашасы мен 11 желтоқсаны аралығында жүргізіледі.

4 мен 20 тамыз аралығында откізілетін түсі емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады. 19 қараша мен

11 желтоқсан аралығында өткізілетін тұсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

Докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде:

- күнтізбелік жылдың 15-28 тамызы аралығында;
- күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанынан 10 қаңтар аралығында жүргізіледі.

Тұсуші өтініш беру кезінде бір ЖЖОКБҰ мен бір білім беру бағдарламаларының тобын көрсетеді.

2.5.1. МВА (EMBA) білім беру бағдарламаларына тұсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін университет дербес айқындайды. МВА (EMBA) білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады.

Бұл ретте МВА (EMBA) бағдарламаларына қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен университет жүзеге асырады.

2.6 МВА және DBA білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдауды университетпен дербес жүзеге асырады.

Тұсу емтихандарын өткізу және DBA білім беру бағдарламаларына қабылдау мерзімдерін университет дербес айқындайды. DBA білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, DBA бағдарламаларына қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен университет жүзеге асырады.

1-параграф. Магистратураға қабылдау және КТ өткізу

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

Магистратураға тұсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25-28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) немесе «электрондық үкімет» веб-порталы www.gov.kz (бұдан әрі-портал) осы Қагидаларға 1-қосымшаға сәйкес «Жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оку орндарына құжаттар қабылдау және окуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасы арқылы ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шілозі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкери құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш түскен күні жүзеге асырады не

көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар келіп түскен сәттен бастап ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ректор көрсетілетін қызметті алушыны университет магистранттарының қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

2.6.1 Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Занының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

2.6.2 Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі үәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі үәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүргінеді.

2.7 КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18657 болып тіркелген) кешенді тестілеуді өткізу Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады).

КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БФМ) айқындастын КТ өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді).

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БФМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

КТ-ны тапсырган жылы оларды қайта тапсыруға жол берілмейді.

2.8 Шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін раставтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS (АЙЛТС)/International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем), шекті балл – кемінде 6,0;

IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 543 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБиИТи), шекті балл – кемінде 60;

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл – кемінде 498;

CEFR (Common European Framework of Reference - СиИэФар (Коммон Юуропиан Фреймуорк Ов Рефэрэнс), шекті балл – кемінде B2;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче ыпрахпрю фун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (NiveauC1/C1 деңгейі);

француз тілі: Test de Francais International™ - Тест де франсэ Интернасиональ (TFI (ТФИ) - оку және тындалым секциялары бойынша B1 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue franzaise - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue franzaise - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du franzaïs - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) – кем дегенде 50 балл).

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндіріс және құрылым саласы» білім беру салаларының білім беру топтары

бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратуруға түсү үшін КТ-дан босатылады.

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндөу және құрылым саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратуруға түсү үшін КТ-ден босатылады.

«Бизнес және басқару» мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсү үшін КТ-дан босатылады.

Білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар адамдарға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде университетке қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университеттерді аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму үйіміна (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға КТ-ның «шет тілі» (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады.

2.9 Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) университетке дейін көрсетеді.

КТ емтихандарының нәтижелері олар откізілген күні жарияланады.

2-параграф. Докторантурасынан қабылдауда және түсініктіліктердің откізу

2.10 Докторантурасынан «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай енбек отілі бар тұлғалар қабылданады.

2.11 Докторантурасынан білім беру бағдарламаларының топтары бойынша нысаналы даярлау шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуга үміткер тұлғалар үшін өтініштерді қабылдау (еркін нысанда) университетте жүзеге асырылады.

2.12 Докторантурасынан түсушілер шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттарын ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS (АЙЛТС)/International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) шекті балл – кемінде 5,5;

IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор), шекті балл – кемінде 5,5;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 460 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИиТи), шекті балл – кемінде 46;

TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл – кемінде 453;

CEFR (Common European Framework of Reference - СиИЭФАР (Коммон Юуропиан Фреймуорк Ов Рефэрэнс), шекті балл - B2;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (дойче щпрахпрюфун фюр дейн хохшулуцуган) (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (тестдаф-прюфун) (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: Test de Français International™ - Тест де франсэ Интернасиональ (TFI (ТФИ) - оку және тыңдалым секциялары бойынша B2 деңгейден төмен емес), Diplome d'Etudes en Langue française - Диплом дэтюд ан Ланг франсэз (DELF (ДЭЛФ), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française - Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), B2 деңгейі), Test de connaissance du français - Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ) - кемінде 50 балл).

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі университеттің қабылдау комиссияларымен тексеріледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖКОКБУ - ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму үйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастырына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта

көрсетілген шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растьайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

2.13 5-қосымшага сәйкес докторантуралық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсі емтиханың докторантуралық білім беру бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын университет дербес жургізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантуралық білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсі емтиханың тек түсетін университетте ғана тапсырады.

2.14 5-қосымшаға сәйкес докторантуралың білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсү емтиханы білім беру саласындағы үәкілетті орган айқындаған үйымдарда өткізіледі.

2.14.1 Докторантурага түсі емтиханы компьютерлік форматта келесілерден турады:

- 1) эссе жазу;
 - 2) докторантурада оку дайындығына тест;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар.

Корытынды баға 9-қосымшага сәйкес эссеңі бағалау, докторантурада окуға дайындық тесті, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұраптарына жауап нәтижелерін жинақтау арқылы алынған балдардың жиынтығын билдіреді.

Докторантураға түсі емтиханына 4 сағат бөлінеді.

2.14.2 Университет алқалы басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталардан екі ай бұрын бекітеді және алқалы басқару органымен бекітілген эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды университеттің ресми сайтында орналастырады.

2.15 Докторантураға түсү емтихандарын өткізу кезеңінде – университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың үқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

2.16 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университеттің профессор-оқытушылық курамының катарынан қалыптастырылады.

2.16.1 Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып ректордың бүйрығымен бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

2.16.2 Окуга түсуші тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, докторантурада окуга дайындығына тест тапсырады, кездейсок түрде жазбаша түрде тандалған білім беру

бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап береді және жұмыс нәтижелерін өзі таңдаған университетке жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өндейді.

2.16.3 Университеттің емтихан комиссиялары окуға түсушінің жеке коды бойынша жұмыстарды тексереді және қарau нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-га нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

2.16.4 Білім беру саласындағы уәкілетті орган түсі емтихандарын өткізгеннен кейін келесі күні ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы нәтижелерін хабарлайды. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндөу және құрылыш саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 6-қосымшага сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантурасы түсі емтиханынан босатылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі университеттің қабылдау комиссияларымен тексеріледі.

3-параграф. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

2.17 Университет түсі емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін ҚР БФМ және ҚР ДСМ-ге докторантурасы, магистратура, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсі емтихандарын өткізуудің кестесін жібереді.

2.18 Түсі емтиханының және КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР БФМ жаңында Апелляцияны қарau жөніндегі республикалық комиссия және әрбір КТ өткізу пункттерінде, университетте апелляциялық комиссия құрылады.

Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы, КТ өткізу пункттерінде құрылатын апелляциялық комиссиялар төрағалары ҚР БФМ бүйрығымен бекітіледі. Университеттегі апелляциялық комиссияның төрағасы және құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бүйрығымен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта откізу кезінде КТ-ны өткізуудің әрбір пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссия төрағалары ҚР БФМ бүйрығымен бекітіледі.

2.19 Апелляциялық комиссия докторантурасы түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептер бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тұсу емтиханының немесе КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғага балдарды қосу туралы шешім қабылдайды.

Магистратурада оқу үшін КТ апелляциясын қарау нәтижелерін апелляциялық комиссия республикалық апелляциялық комиссияға береді.

Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде магистратурада оқу үшін КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғага балл қосу туралы шешім қабылдайды.

Докторантурасынан магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер тұсу емтихандарының және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

2.20 Апелляциялық комиссия өтінішті қараган кезде апелляцияға берген тұлға жеке басын қуәландыратын құжатты ұсынады.

2.21 Апелляциялық комиссиялардың шешімдері Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

2.22 Тұсу емтихандарын өткізу кезінде тәртіпті сақтау мақсатында КТ өткізу пункттеріне және университетке ҚР БФМ өкілдері жіберіледі.

4-параграф. Университетке оқуға қабылдау

2.23 Магистратураға тұлғаларды қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – 7-қосымша) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, оның ішінде: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға тұлғаларды қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – 8-қосымша) оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100-балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 25 балл,

оның ішінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады

2.24 Докторантурасы тұлғаларды қабылдау шет тілін менгерудің жалпыеуропалық күзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тұсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

